

## **Аудан әкімдігінің кейбір қаулылардың күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 269 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 31 бабын басшылыққа алып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі "Казталов ауданы аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы" №77 қаулысы ( нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде №7-8-125 22.04.2011 жылы тіркелген, аудандық "Ауыл айнасы" газетінде №21-22 санымен 6 мамыр 2011 жылы жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі "Казталов ауданы Бостандық ауылдық округі аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" №82 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде №7-8-126 22.04.2011 жылы тіркелген, аудандық "Ауыл айнасы" газетінде №21-22 санымен 6 мамыр 2011 жылы жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулыдан туындаған шараларды алу аудан әкімінің аппарат басшысы М.Нұрмақовқа тапсырылсын.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*С.Молдашев*